

С.А. Қасқабасов¹,
Ж.Т. Карипбаев²,
А.К. Мырзабек²

¹М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты, Алматы, Қазақстан

²Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

E-mail: seit.kaskabassov1940@mail.ru

Бүгінгі фольклортану және Ахмет Байтұрсынұлының ауыз әдебиетін саралау ұстанымдары

Аңдатпа. Осы мақалада қазақтың аса көрнекті ғалымы А. Байтұрсынұлының «Әдебиеттанымдықшы» еңбегінде ауыз әдебиетін саралауға байланысты қолданған ғылыми ұстанымдары, өзінен кейінгі кеңестік және бүгінгі фольклортану ғылымындағы ұстанымдар тұрғысынан пайымдауға қадам жасалды. Зерттеу барысында А. Байтұрсынұлының ауыз әдебиетіне байланысты пікірлері өз заманындағы теориялық ұстанымдарының ықпалы болғаны анықталды. Зерттеу әдісі ретінде тарихи-салыстырмалы және герменевтикалық әдістер қолданылды. Сонымен қатар, зерттеу барысында оның ғылыми парадигмасы мен ұстанымдарына байланысты туындаған мәселелер анықталып, оның діни факторға байланысты екеніне көрсетілді. Ауыз әдебиетіндегі жекелеген жанрлар бойынша тиісті салыстырулар жасалып, Алаш, кеңестік және тәуелсіздік кезеңдер арасындағы көзқарастарға байланысты сабақтастықтар анықталды. Тарихи және замана агымына байланысты әдебиеттану мен фольклорда орын алған ғылыми көзқарастардың өзгеруіне байланысты А. Байтұрсынұлы ауыз әдебиетіне жатқызған жанрларға байланысты өзгерістер болғаны айқындалды. Осы пайымдауларға байланысты тиісті қортындылар мен тұжырымдар жасалды.

Түйін сөздер: А. Байтұрсынұлы, ауыз әдебиеті, Алаш кезеңі, кеңес кезеңі, тәуелсіздік кезеңі, фольклорлық жанрлар, жанрларды саралау, ертегі, ертегі жыр, М. Габдуллин, С. Қасқабасов.

Мақала 2022–2024-жылдарға арналған АР 14870833 «Алаш қайраткерлері және ұлттық фольклор» атты гранттық ғылыми жоба аясында дайындалды.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2023-143-2-172-180>

Кіріспе. Әр халықтың өнері мен әдебиетінің бағасы, оның мұрасын тұтастай алып ғылыми және тарихи негізде пайымдау, тиісті дәрежеде талдау, маңызы мен заңдылықтарының мәнін ашып, мағынансын тарқату арқылы берілмек. Осы орайда, ХХ ғасыр басындағы, қазақтың сөз өнері мен әдебиетін ғылыми негізде алғашқы пайымдаған зерттеу еңбектің бірі Ахмет Байтұрсынұлының «Әдебиеттанымдықшы»

кітабы екені белгілі. Алаш ғалымының осы еңбегін әр жылдары З. Қабдолов, Р. Сыздықова, Т. Кәкішев, Ш. Сәтбаева, Д. Қамзабекұлы, Ж. Смағұлов, А. Ісімақова, Ұ Еркінбаев және басқа да ғалымдар мен зерттеушілер әр қырынан зерделеп, оның ішіндегі мәселелерді жанжақты қарастырғандары белгілі.

Осы орайда, академик З. Қабдолов: «Ахмет Байтұрсынұлының «Әдебиеттанымдықшы» арқылы қазақтың таза ұлттық топырағына

егіп-өсіріп, жалпы әдебиет дегеннің болмысы мен бітімі Ахаңша есіліп, Ахаңша көсіліп бір толғап берді. Бұл – сөз өнерінің басы, «Әліп-биі». Өйткені сөз өнерінің тек ұлттық проблемалары әдебиеттің болмыс-бітімін белгілеумен ғана шектелмейді, бұдан әрі біріне-бірі тұтасып, әдеби шығарманың сыры мен сипатын парықтау, ақыр-аяғында әдеби дамудың мағынасы мен мәнін анықтау жатыр» [1, 203], деп қорыта айтқан ойы көп жайдың мәнін ашып қана қоймай сонымен қатар бірқатар міндеттерді де айқындап бергендей. Осы пікір, академик Р. Нұрғалидың: «Ахмет Байтұрсыновтың эстетикалық-философиялық танымын, әдебиетшілік көзқарасын, сыншылық келбетін толық танытатын жүйелі зерттеу, қазақ филологиясының ерекше зор, айтылған ойларының тереңдігі мен дәлдігі арқасында болашақта да қызмет ететін, ешқашан маңызын жоймайтын, асыл еңбек. Ұлттық әдебиеттану ғылымы қазір қолданып жүрген терминдер, категориялар, ұғымдардың қазақша өте дәл, ықшам, оңтайлы баламаларының басым көпшілігі тұңғыш рет осы зерттеуде жасалғанын ашып айтатын уақыт жетті. Бұл ретте, Ахмет Байтұрсынов – тіл терминдерін жасауда қандай кемеңгер, данышпан болса, әдебиеттану, өнертану, фольклортану терминдерін жасауда да сондай кемеңгер, данышпан» [2, 25], деген пікірі, ілгеріде айтқан З. Қабдоловтың пікірін біршама толықтырып, сабақтасып, бүгінгі зертеушілердің алдында мынандай бірқатар мәселелерді қояды:

Біріншіден, А. Байтұрсынұлының «Әдебиеттанушы» еңбегінде әдебиеттану мен фольклортану саласы бойынша қамтылған ғылыми таным мен көзқарас, саралау жүйесі мен категориялар, ұғымдар мен терминдер, бүгінгі заман тұрғысынан қаншалықты деңгейде зерттелгенін пайымдау.

Екіншіден, «Әдебиеттанушы» еңбегінің өзінен кейінгі кеңестік және тәуелсіздік кезеңдерінде қай тұстары бойынша сабақтастығы сақталып, қай тұсытарындағы ұстанымдары ескірісіз қалғанын анықтау.

Үшіншіден, бүгінгі әдебиеттану мен фольклортануда А. Байтұрсынұлының қандай ғылыми ұстанымдарын пайдаланып әрі қарай дамытуға негіздер бар және ол көтерген қандай мәселелер бүгінге дейін қамтылмай келгені мен оның астарында қандай себептердің жатқанын салыстыру негізінде айқындау.

Сонымен қатар, осы еңбектің тәуелсіздік жылдары жаңғырып қайта басылып шыққанымен, Алаш ғалымының ғылыми ізденістері толыққанды зерттеліп, бүгінгі қазақтың әдебиеттану ғылымымен сабақтастығы анықталып, ғылыми айналымға ұсынылған терминдер мен жіктеулері сіңісе алмай жүрген жағдаяттар орын алғаны да белгілі. Мұндай кенжелеушіліктің объективті себептерінің бірі ретінде ұлттық әдебиеттану ғылымының әлі де кеңестік, оның ішінде орыс әдебиеттанудың ықпалынан шыға алмай жатқанымен байланысты болса, екінші жағынан, осы еңбектің әдебиеттанушылар тарапынан әлі де жүйелі негізде зерделенбеуінен деп түсіну керек.

Зерттеу әдістері. А. Байтұрсынұлының «Әдебиеттанушы» еңбегі өткен ғасырдың алғашқы ширегінде жазылған еңбек болған соң, оның мәнін ашу мен мазмұнын талдау тарихи факторларды ескеруді қажет етеді. Сонымен қатар, ғылыми құндылығын бағамдап, тиісті талдаулар мен тұжырымдар жасау үшін, «Әдебиеттанушы» еңбегі жарияланғаннан кейінгі аралықтағы кеңестік және бүгінгі әдебиеттану мен фольклортануда жарық көрген негізгі еңбектермен салыстыруды қажет етеді. Осы орайда, негізгі зерттеу әдісі ретінде салыстырмалы әдістер, оның ішінде салыстырмалы-салғастырмалы және тарихи-салыстырмалы әдістер қолданылатын болады. Сонымен қатар, А. Байтұрсынұлының қолданған терминдері мен ғылыми ұстанымдары біршама түсіндірулерді, соған байланысты талдауларды қажет етеді. Сондықтан мұнда герменевтикалық әдіс те қолданылатын болады.

Нәтижелер. «Әдебиеттанушы» еңбегі екі бөлімнен тұрады: бірінші бөлімі – «Сөз өнерінің ғылымы» деп аталып, онда сөз өнері теориялық тұрғыда талданып, оның құрамдас бөліктері мен жүйесі көрсетіледі, екінші бөлімі – «Қара сөз бен дарынды сөз жүйесі» деп аталып, мұнда сөз өнерінің жанрлары жүйелеп, тарихи даму ерекшеліктері сөз етіледі. Бірінші бөлімінде А. Байтұрсынұлы сөз өнерін оны әдебиет пен ауыз әдебиетіне бөле жарып қарамайды, оның көркем-эстетикалық элементтерін ақыл, қиял және көңіл деген категорияларға саралау арқылы қарастырады. Бүгінгі тілмен айтқанда, бұнда көркем сөзді лингвистикалық, психологиялық, нарратологиялық, мәдениеттанулық, этимологиялық және эпистемологиялық бөлшектерге саралау

арқылы нақты жанрларға жатқыза талдайды. Бірінші бөлімде сөз мәнісіне қарай келтірілген мысалдарда Алаш ғалымы бірде авторы белгілі әдеби туыңдылардан мысал келтірген болса, келесі жетінде ауыз әдебиеті жататын туыңды немесе жанрларға жүгінеді. Сондықтан бірінші бөлімінде сөз өнері әдебиет пен ауыз әдебиетіне саралап қарамай, оны тұтастай алып қарайды.

«Әдебиеттанушының» екінші бөлімі өз атына екі тараудан тұрады, алғашқысы тарауы «Қара сөз» деп аталған да, кейінгісі тарауын «Дарыңды сөз» деп атаған. Осы бөлімді бастағанда А. Байтұрсынұлы, екі түрлі лебіз барын, біріншісі – жалаң, екіншісі – көрнекі, деп екі салаға бөліп қарастырады. Көрнекі лебізден дарыңды сөзді саралап шығарады, ал оны жазба әдебиет пен ауыз әдебиеттеріне тармақтай отырып талдайды [3, 102-103]. Ілгеріде аттары аталған ғалымдардың көпшілігі А. Байтұрсынұлының әдебиетке қатысты тұстарын қарастыруға арналған болатын, сондықтан осы зерттеудің нысаны ретінде зерттеушілер тарапынан көп мән берілмей, сондықтан астары ашылмай, зерттеу насынына алыбай, сондықтан қарастырылмай келген ауыз әдебиетін жүйелеу мен жанрларға саралау жағы пайымдалмай келген жағы қарастырылады.

Талқылау. Жалпы сол кезеңде, кеңес билігінің күшейуімен қатар, «қазақта әдебиет болмады», «халық сауатсыз надан болды» деген түсініктер орнықтырыла бастады. Сонымен қатар, барлық оң жетістіктерді «алдыңғы қатарлы» кеңес билігі мен орыс мәдениетінің арқасында болды деген түсініктерді халық санасына сіңірі бастаған уақыты болатын. Ал қазақ әдебиеті, әдебиет ретінде тек кеңес кезінде ғана қалыптасты, ал оған дейінгі халықтың мәдени және рухани жетістіктері жоққа шығарылды. Кеңес саясаты үстемдік құрып, орыс шовинистері мен кеңесшіл белсенділерінің сөзі ғана сөз болып мойндалған шақта, А. Байтұрсынұлының «Әдебиеттанушы» еңбегі сондай саяз әрі солақай саяси құйтырқылар мен негізсіз пікірлерге берген ғылыми негізде дәйектеліп берілген, өрелі жауабы сынды көрінеді.

Бүгінгі күнгі отандық гуманитарлық ғылымда ауызша айтылып, авторы аноним болған ауыз әдеби үлгілерін – фольклор, деп атап жүрміз. Бұл кеңес кезінен бері фольклор мен фольклортануға байланысты қалыптасқан ұғым. Ал халықаралық гуманитарлық ғылым болса, фольклорды

тек сөз өнерінің аясымен шектеп қоймай, оған сонымен қатар халықтың әдет-ғұрпын, салтын, рухани және материалдық мәдениетін тұтастай қарайтын пән ретінде түсіндіріледі. Жалпы барлығымызға фольклор сөзі термин ретінде Уильям Дж. Томсон 1846 жылы кіргізіп, Британ фольклорлық қоғамы (The Folklore Society) қабылдағаннан бері тек халықтың сөз өнері ғана емес барлық материалдық құндылықтарымен біргелікте түсінеді [4, 203-216] сонымен Ал кеңестік анықтамаларда халықтың сөз өнерінен басқа материалдық, ғұрыптық және салттық дәстүрлерін этнографияға, яғни тарих пәніне жатқызып келді [5, 4-5]. Ал фольклорды тек ауызша жеткен әдеби мұрамен байланыстыру қалыптасқан үрдіс екені белгілі. Осы орайда, А. Байтұрсынұлы пайдаланған «ауыз әдебиеті» деген ұғым әлдеқайда нақты және әдеби-көркемдік тұрғыда орынды келетіні дау туғыза қоймайды. Бұл кейінгі кезде басқа бірқатар елдердің фольклортанушыларының, оның ішінде Түркия ғалымдары ауыз әдебиетін – халық әдебиеті деп, оны фольклордың бір саласы ретінде қарастырып, жазба әдебиеттен негізгі айырмашылығы ретінде оның авторының белгісіз, яғни аноним, немесе дүйім жұрт бірге шығарған туыңды, бір топ кісілердің ауыша шығармашылығы пікір айтады [6, 69-71]. Айталық, Түркияның танымал ғалымы Метин Екижи «фольклор» терминін түрк елінде қалыптасқан гуманитарлық ғылым саласындағы дәстүрге орай, «халық даналығы» деген ұғым ретінде қолданып, оны қарапайым халықтың салт-дәстүрі мен әдет-ғұрыпының жиынтығы ретінде түсіндіреді [7, 14-23].

Дегенде, әрі қарай екінші бөлімді талдауды жалғастыратын болсақ, онда мәністер мен шығармаларды: ауызша шығарма және жазбаша шығарма деп екіге жіктейді. Ол: «Жазу-сызу, өнер ғылымы жоқ анайы халықтарда жазба шығарма болмайды. Ондай халықтардың асыл сөздері анайы тілмен айтылған ауыз шығармалары болады. Сондықтан ондай асыл сөздер ауыз әдебиеті яки анайы әдебиет деп аталады» [3, 109 б.], деп ауыз әдебиетіне алғаш анықтама берген қазақ ғалымы. Бұл анықтамаға назар аударатын болсаңыз А. Байтұрсынұлы фольклор туралы өз заманында қалыптасқан ғылыми танымды жақсы білгенін және фольклортану тарихына көз жүгірткені анық байқалады Себебі, сол кездегі еуропалық ғылымда фольклорлық мұраға анай, яғни тым қарабайыр сөз, қара

халықтың ауыз екі тілінің көркемдік деңгейі төмен, немесе жазу мәдениеті қалыптаспаған, жабай халықтардың (туземец) сөз өнері мен мiәдениетi деген түсiнiк орныққан болатын [6, 38-39]. Алайда, осы ғылыми көзқарастарға, А. Байтұрсынұлы: «қай халықтың да болса жазу-сызу, өнер-ғылым бiлмеген шағы болған. Сондықтан анайы әдебиет халықтың бәрiнде де болады» [3, 110], деп те түсiндiре отырып, әдебиетi дамыды деген халықтарда осындай дәуiрдi бастарынын өткiзгенiн аңғартқан.

«Қазақ ауыз әдебиетi жұмсалатын орнына қарай әуелi екi салаға бөлiнедi: **1. Сауықтама.**
2. Сарындама.

Сауықтама саласына барша сауық үшiн айтылған сөздер кiредi.

Сарындама саласында жұрттағы келе жатқан салт-сарынымен айтылған сөздер кiредi. Ол салалардың әрқайсысы тарауға, тараулары тармаққа, бұтаққа бөлiнедi» [3, 110], деп ауыз әдебиетiн екi үлкен тарауға бөле отырып қарастырады.

Осы саралауға байланысты ықшамдап келтiретiн болсақ, сауықтаманы: ермектеме мен сауықтама деген тағы екi салаға бөлген. Ал ендi сауықтама саласын: ермектеме (ермек сөз) және сауықтама деп әрi қарай тарқатады.

Ермектеме – ермек үшiн айтылатын сөздер: 1. Ертегi, 2. Ертегiсiмек, 3. Өтiрiк өлең, 4. Жұмбақ, 5. Жаңылтпаш, 6. Бас қатырғыш, деген iштей өз ара дараланатын жанрларға саралайды.

Әрине осы саралаудың бүгiнгi саралаудан айтарлықтай айырмашылығы да бары сөзсiз. Бiрақ жанрлардың табиғатын ашу үшiн берiлген анықтамалары кейiнгi фольклортану ғылымына үлкен әсер еткенi және сабақтастық негiзде пайдаланылғаны күмән туғыза қоймайды. Айталық осы зерттеуде: «**Ертегi** – қиялмен қисынын келтiрiп, қызықты ету мақсатпен шығарған әңгiмелер. Әдебиет тарихшылары ертегiлердi адамның жоққа нанған шағындағы сөзi деп есептейдi. Ертеде шыққан әңгiме екендiгiн ертегi деген аты да көрсетiп тұр» [3, 110], дейдi. Немесе: «Ертегi – халықтың ескiден қалған жұрнақтарының қордасы» [3, 111], деп ХIХ ғасырда орныққан мифологиялық мектеп өкiлдерiнiң ертегi туралы түсiнiгiмен ойын сабақтастыралды. Эстетика бағытында зерттеу жасаған неместiң философтары Фридрих В. Шелинг және ағайынды Август пен Фридрих Шлегельдердiң орнықтырған идеяларын ағайынды Якоб пен Вильгельм Гримдер дамытып, кейiн осы идеяны орыс ғалымдары Ф.И. Буслаев,

А.Н. Афанасьев пен А.Н. Пыниндердер дамытқаны белгiлi. Ал А. Байтұрсынұлы сол зерттеулермен жақсы таныс болған деген ой айтуға негiз бередi.

А. Байтұрсынұлынан кейiн, кеңес кезеңiнде қазақ фольклорын зерттеген М. Ғабдуллин: «Барлық ауыз әдебиетiнен мол орын алған және халықтың жазу-сызу өнерi болмаған кезiнде ауызша шығарған күрделi шығарманың түрi – **ертегi**. Ертегiлер көбiнесе, қара сөз ретiнде айтылғандықтан, оны халықтың ерте заманда шығарған көркем әңгiмесi деп қараймыз» [7, 133], деп ертегiге берген анықтамасын Алаш ғалымының анықтамасына жақын болып келедi.

Ал бiздiң заманымыздағы академик С. Қасқабасов: «Ертегi жанрының түп төркiнi – алғашқы қауымда пайда болған көне миф, аңшылар туралы әңгiме, хикая және әр түрлi кәде ырымдар мен аңыздар» [8, 198] дейдi. Қарап отырсаңыз А. Байтұрсынұлының анықтамасымен осы анықтамада сабақтасады, тек бұл жерде жнрлық тұрғыда нақтылана түседi.

Бiрiншiден, қарап отырсаңыздар М. Ғабдуллин кеңес заманында өмiр сүрсе де, Қ. Жұмалиев А. Байтұрсынұлының теориялық жекелеген теориялық ұстанымдары мен анықтамаларын қалай пайдаланған болса, ол да «ауыз әдебиетi» деген терминдi сол қалпында қолданған.

Екiншiден, ертегiге берiлген үш ғалымның анықтамасында да А. Байтұрсынұлы – «адамның жоққа нанған шағындағы сөзi», М. Ғабдуллин – «халықтың ерте заманда шығарған көркем әңгiмесi» және С. Қасқабасов – «алғашқы қауымда пайда болған көне миф», деген анықтамалары өте ұқсас. Әрине мұнда әлемдiк фольклортануда берiлген анықтамалар деңгейiнде типологиялық ұқсастық бары да сөзсiз. А. Байтұрсынұлы «әдебиет тарихшылары» деп өзге елдердiң ғалымдарының мұрасымен таныс болғанын меңзейдi. Ал оның алғашқы болып ертегi жанрына берiлген анықтамасы бүгiнгi күнге дейiн өзектiлiгi мен дәлдiгiн әлi де жоғалпағанын көрiге болады.

Үшiншiден, ертегiнiң шығу тегiне байланысты айтылған жерiне назар аударатын болсақ, онда барлық анықтамаларда «әңгiме», яғни оның астарында эстетикалық мазмұн барына меңзеу бар. Бұл ертегiнiң ермектеме тарауына жатқызуынан да байқалады.

Сонымен қатар, А. Байтұрсынұлының ертегiнiң қызметiн, атқаратын функцияларын

да дәлдікпен анықтап кеткені және кейінгі зерттеушілер толықтырып кеңейте түскені де орынды үрдіс. Оның тағы бір саласы «ертегісімекке» берген анықтамасына, кеңес кезеңінде тиісті назар аударылмай, қалпынша ертегі жанрына қосылып келді. Тек XX ғасырдың 80-ші жылдары С. Қасқабасов «ертегісімек» - деп, қаз қалпында қолданбаса да «аңыздық проза» деп өз атына бөлек жанр екенін дәйектеп бергені белгілі.

Ермектемеге кіргізілген жанрлар әрине тура қаз қалпында бүгінгі күнге дей қолданыста деу қиын. Дегенде ауыз әдебиетіне тиісті жанрлар екенін кейінгі зерттеулердің барлығы да жоққа шығармайды. Осыған байланысты, зерттеу аясында тағы бір аңғарылған жайт ол А. Байтұрсынұлының ғылыми парадигмасын, яғни ғылыми зерттеудегі ұстанымдарының, әдістерінің және ойлау концепцияларын анықтау қажеттігі. Себебі А. Байтұрсынұлының салыстырған кезінде, оның М. Ғабдуллин мен С. Қасқабасовтардан басқа парадигмалардың жатқаны байқалады. Ал М. Ғабдуллин мен С. Қасқабасов сынды ғалымдар кеңестік кезеңде қалыптасқан және жалпы әлемдік гуманитарлық ғылымда үстем болып келе жатқан формациялық парадигманы ұстанғаны белгілі. Осы орайда, ол қандай парадигма деген кезде А. Байтұрсынұлының әдебиетке арналған тарауында екі дәуірге бөлгені белгілі, алғашқысы – діндарлар дәуірі де, кейінгісі ділмарлар дәуірі. Мұнда негізгі меже ретінде шығармашылық тұлғаның діни ұстанымдары ғана алынған. Ал одан кейінгі кеңестік дәуірде, XX ғасырдың 60-шы жылдарына дейін діни факторға мүлдем назар аударылмай келді. Діни жанрлардың атаулары аталғанымен де, фольклорлық туындылардың астарындағы дінің әсері мен орнына ешқандай мән берілмеді. Сондықтан, А. Байтұрсынұлының әдебиет саласындағы ғылыми ізденістерінің парадигмасын мен ұстанымдарын анықтау қосымша зерттеулерді қажет ететін тағы бір фактор екені анықталды.

Келесі бір тарауында, «Зауықтама деп көңіл көтеру үшін сөйленетін сөзде айтылады. Мәселен, ертегі жыр (батырлар жыры (жалпы эпосты тұтастай алып сөз етеді), тарихи жыр, айтыс өлең, үгіт өлең, үміт өлең, толғау, түрлі терме өлең» [3, 114] деген жанрларға тармақтайды. Осында бірден көзге түсетіні бүгінде фольклордың поэзиялық жанрларын прозалық жанрлардан бөліп

алып қарауы. Алаш ғалымының осы ұстанымы ХХІ ғасырдағы ұстанымдарымен сабақтасып жатқан тұстарымен қатар, айырмашылықтары да бар екені сөзсіз. Айталық алғашқы ертегі жыр мен тарихи жыр бүгінгі күнге дейін қолданыста бар. Әрине уақыт өте келе жыр дегеннен көрі эпос немесе дастан деген терминдер қолданылады, жанрлық сипаты да тереңдеп, саралануы да кеңейе түскен. Егер А. Байтұрсынұлы жырдың тек екі түрін ғана атаса, бүгінгі қолданыста ол 11 жанрға бөліп қаралады [9, 179-243].

Ал кейінгі, айтылған айтыс өлең, үгіт өлең, үміт өлең, толғау, терме өлеңдер ауызша шығарылғанымен авторлары белгілі болғандықтан ауыз әдебиеті емес әдебиетке жатқызылып әдеби мұралар ретінде бағалануда. Алайда олардың жанрлық сипатын анықтаған кезде жалпылама қарау бар және А. Байтұрсынұлының саралауы есепке алынбай қалғаны байқалады. Ал айтыс өнеріне келетін болсақ, ол ауызша шығарылғанымен, авторы белгілі болғандықтан аралас жанр ретінде анықтама беріліп жүр.

Әдебиеттанушылар ауыз әдебиетінің екінші саласы ретінде, сарындама көрсетілген.

Сарындама үш тараудан тұрады: 1. Салт сөзі, 2. Ғұрып сөзі, 3. Қалып сөзі.

Салт сөзі – салт сарынымен сөздерді айтады, оларға: 1. Мысалдар, 2. Ділмар сөз, 3. Тақпақтар, 4. Мақалдар, 5. Мәтелдер, деп буындайды

Ғұрып сөзі – ғұрып бойынша айтылатын сөздер: 1. Той бастар, 2. Жар-жар, 3. Неке қияр, 4. Беташар, 5. Жоқтау, 6. Жарапазан, 7. Бата деп буындайды.

Қалып сөзі – тұрмыс қалпында болатын істер сарынымен айтылатын сөздер: 1. Жын шақыру, 2. Құрт шақыру, 3. Дерт шақыру, 4. Бесік жыры [3, 110-142] деген жанрларға бөліген.

Әрине бұл жерде де келісетін жерлері болғанымен, сонымен қатар жанрлар бойынша кейінгі қалыптасқан ұстанымдарға орай қайшылықтар да байқалады. Айталық, «салт сөзін» алатын болсақ онда А. Байтұрсынұлында бүгінгі талаптар бойынша саралау қағидаттарынан өзгеше болып келеді. Алаш ғалымы бірақ ұстанымға тоқталған, ол – мысалға келтіріп отырған сөздің ауызша жетуі ғана, ал оның авторының болуы басты меже ретінде қаралмайды. Бүгінгі күнде салт сөзінен фольклорға толықтай тек мақал мен мәтелдер кірген. Ал өзге

аралас немесе авторы белгілі сөзде әдебиетке жататын жанрлар ретінде қарастырылады.

Кеңес кезінде де, бүгінгі күнде де, «ғұрып сөзі» мен «қалып сөзі» А. Байтұрсынұлының ұйғарғарымымен сабақтасып фольклорлық мұраға жатқызылып келуде. «Ғұрып сөзі» мен «қалып сөзі» М. Ғабдуллинде «тұрмыс-салтқа байланысты шығарылған шығармалар» десе, бүгінгі күнде «фольклордың көне бейкөркем түрлері» деп аталып жүр. Әрине, мұнда іштей толықтырулар мен өзгерістер болғаны түсінікті, бірақ мәні сол күйінде сақталған.

«Әдебиеттанымдық» еңбегінде қазақ ауыз әдебиеті үлгілерін әдебиеттен бөліп алып пайдалану мүмкін болмағанға қосайды. Осы еңбектің алғашқы тарауындағы теориялық пайымдаулар да мысалдар келтірген кезде бөле жарып түсіндіру мүмкін болмаған сияқты. Айталық, осы еңбекте Алаш ғалымы заманының үлкен шығармашылық тұлғалары Абай, Мағжан, Сәкен, Әбубәкір, Байтөк ақын, Орынбай ақын, Сүгір ақын, Ыбырай Алтынсарин, Шернияз ақын, Нұржан Наушабаев, Мәделі Қожа, Бұдабай ақын, Нысанбай жырау, Наурызбай би, Қубала ақын, Алтыбас Ақмолда, Орақұлы Әлібек, Мұрат, Мөңке, Молда Мұса, Шортанбай, Жүсіпбек және өзінің туындыларымен қатар мол ауыз әдеби мұраларын қолданған. Айталық, «Ер Тарғын», «Ер Сайын», «Қобыланды батыр» «Алпамыс батыр» батырлық жыр-дастандарын, ауызша айтылған шешендер сөзін, жар-жар, қара өлең, ескі жыр, айтыс, толғау, жоқтау, әлди, мақал мен мәтелдер, беташар, жарапазан, бата үлгілерін молынан пайдаланған. Ғалым Ж. Смағұловтың анықтауынша осы еңбегінде А. Байтұрсынұлы, «әдебиеттануға қатысты 327 термин қолданған болса, 267-сі (80%) қазір қолданылмайды» [10, 188], деп пайымдайды. Тап сол бүгінгі қолданыста пайдаланылып келе жатқан терминдердің көпшілігі ауыз әдебиетіне орай пайдаланылған терминдер екенін көрініп тұр.

А. Байтұрсынұлының осындай жанрларға бөлуі және салаларға жатқызуындығы негізгі ұстанымдарының өзектілігін бүгінгі күнге дейін жоғалтпағаны көрінеді. Сондай-ақ, оның ауыз әдебиеті мұраларының саралауындағы тарихи және көркемдік ерекшеліктер, шығарма мазмұнына орай, мәнін ашу, бағасын беру ұстанымдары мен негізгі қағидаттарды қазіргі қолданыста бар.

Сонымен қатар, А. Байтұрсынұлының ауыз әдебиеті үлгілерін жинаушы және

жариялаушы екені де белгілі. Оның 1923 жылы Мәскеуде жариялаған үлгілерінің бірі «Жоқтаулар» жинағына ел ауызында сақталған 23 жоқтау кіргізіліп және «Ер Сайын» батыр жырын жеке жеке-жеке басылым болып жарыққа шығуған. «Жоқтаулар» жинағы хақында А. Ісімакова: «Совет кезінде Кенесары-Науырызбай мен Қаздауысты Қазыбекті аңсаған жоқтауларды Мәскеудің баспасынан шығару Алаш саяси қайраткерінің сол билікке білдірген ашық екені де анық» [11, 8], деп орынды пікір білдірген. Шынында да 23 жоқтау қазақ тарихында елге елеулі еңбегі сіңген, немесе жадында өшпестей із қалдырған айтулы есімдер айтылып қана қоймайды, осы жарияланым арқылы олардың тарихтағы орны мен бағасы да берілген. Сонымен қатар «Жоқтау» жинағы Қыр баласымен, яғни Әлихан Бөкейханмен бірге шығарғаны да көп жайтты аңғартады. А. Байтұрсынұлынан кейінгі кезеңдегі қазақ фольклорануының тарихына зер салсаңыз, 23 жоқтау да, «Ер Сайын» батырлық жыры да, содан кейін кеңес кезінде қайта басылып шықпады, тіпті ғылыми айналымнан алынып тасталды. Ал ХХ ғасырдың 40-шы жылдары «Ер Сайын» жырын мектеп оқулығына қосқан Қ. Жұмалиев қатты сынға алынып, 25 жылға сотталғаны да белгілі жайт, ал кейін осы жырдың атын атауға да тиым салынды.

Қорытынды. А. Байтұрсынұлының ауыз әдебиетінде саралауына баланысты және оларға анықтыма беріп, жанрларға жатқызу негізінде, одан кейінгі кезең ғалымдарымен ұқсас ұстанымдар жатқаны сөзсіз. Осыған байланысты келесіде тұжырымдар ойға келеді:

Біріншіден, сөз өнерін эстетикалық және тұрмыстық ғұрыпқа орай, сауықтама мен сарындамаға бөлуінде, сауықтаманың адам баласына эстетикалық тұрғыда көңілін аулап, сауықтық мазмұндағы сипаты ескерілгені аңғарылады. Тіпті осы топтағы жанрлардың атауының өзі дәлдікпен қойылғаны да көрінеді.

Екіншіден, сауықтаманы ерімектеме мен зауықтамаға бөлген кезінде, бүгінгі күнде ауыз әдебиетін прозалық және поэзиялық жанрларға бөліп қарағандай типологиялық ұқсастық байқалады. Айталық, ертегіні – ерімектемеге жатқызса, ертегі жырды – зауықтамаға жатқызылған. Әрине, арасында араласушылық та бар, дегенде негізгі жанрлар

сол ұстанымдар бойынша саралау бүгінгі күнге дейін сақталуда.

Үшіншіден, бүгінгі ғылымда кей жанрларды өлең А. Байтұрсынұлы сияқты мазмұнына қарай саралап жатпайды, ал саралайтын болса жанрдың анық сипаттарына ғана мән береді. П. А. Байтұрсынұлында болса, мұндай жағынан алғанда олқылық байқалмайды, ол өлең мазмұнына зер салып үгіт және үміт деген салаларға екі бөлек салаларға жатқызады. Тіпті, қазіргі поэзияның өзінде осы саралауға келетін мазмұндардың да, дәстүрдің де көмескіленуінен болар.

Төртіншіден, бүгінгі замандағы саралауда да, Алаш ғалымы қолданған ертегі жыр мен тарихи жыр, бүгінгі жіктеудегі батырлық және тарихи жыр деп бөле қарау бар. А. Байтұрсынұлының мысалға келтірге жырлары да бүгінгі күні сол ұстанымдар бойынша тиісті жанрларға жатқызылуда. Сонымен бірге ертегі жыр анықтамасында бертінгі уақытқа дейін қиял-ғажайып эпос, кейін көне эпос деп қолданылып, тек бүгінгі кезде ғана мифологиялық айтылып жүр. Шынымен де мифке ең жақын жанр ол ертегі, ал ертегі болса көне мифологиялық сананың көркемдік деңгейде құбылуы және дамуы деп те қарастырылады.

Өкінішке қарай кейбір жанрлар бүгінгі қолданыстан түсіп қалғаны белгілі, ал жар-

жар сияқты жанрлар алғашқы сипатынан мүлдем айрылған. Қазіргі жар-жар бұрынғы замандағыдай қыз ауылында алқа қотан айтысу мен сыңсу сипаты мүлдем жоқ, жігіт жақтағы үйлену тойында жастарды қарсы алатын жай ғана ғұрыптық өнге айналған.

Зерттеуді көрнекті ғалым Ш. Сәтбаеваның: «Әдебиеттанушы» еңбегінде А. Байтұрсынов ауыз және жазба әдебиеттің әлеуметтік, қоғамдық, мән-маңызын ашудан гөрі адамгершілік, эстетикалық, әсемдік әуенін талдауға бейіндік танытады. Сөйтіп, А. Байтұрсынов зерттеуші ретінде қазақ әдебиетінің даму процесін жеке дара қарамай, барлық халықтар әдебиетіне тән көркем сөз түрлерінің қазақ әдебиетінде де бар екенін, кейбірісін кезде жоқ болса, туа бастағанын, келешекте дамитынын айтады» [12, 96-97 бб.] деп қортындылап. Алаш ғалымы тек өзінің заманының өресінен ғана зерттеу жүргізбегені анық, ал кейбір теориялық тұжырымдары бүгінгі заманмен сай келмесе де, оның ұсынған көптеген ұғымдары мен ұстанымдарының кейінгі әдебиеттануда, оның ішінде ұлттық фольклортануда сабақтастық тапқаны анық. Осы мақала аясында А. Байтұрсынұлының ауыз әдебиетіне байланысты көзге көрінген, көңілге түйілгендеріне ұстанымдарын назар аударылды. Сонымен қатар аңғарылған мәселелер келесі зерттеулерде жалғасын табатын болады.

Әдебиеттер тізімі

1. Байтұрсынұлы А. Алты томдық шығармалар жинағы. Т.-4. – Алматы, Ел шежіре, 2013. – 384 б.
2. Нұрғали Р. Қазақ әдебиетінің алтын ғасыры. Зерттеу. – Астана, Күлтегін баспасы, 2002. – 528 б.
3. Байтұрсынов А. Әдебиеттанушы. Зерттеу мен өлеңдер. – Алматы, Атамұра, 2003. – 208 б.
4. Jonatan Roper. Thoms and the Unachieved “Folk-Lore of England” // Folklore 118 (August 2007), No 2. – P. 203-216.
5. Этнография: Учебник / Под ред. Ю.В. Бромлея и Г.Е. Маркова. – М.: Высш. школа, 1982. – 320 с.
6. Türk halk edebiyatı. El kitabı. – Ankara, Grafiker, 2004. – 422 s.
7. Ғабдуллин М. Қазақ халық ауыз әдебиеті. – Алматы, Рауан баспасы, 2013. – 456 б.
8. Қасқабасов С. Жаназық. Әр жылдардағы зерттеулер. – Астана: Аударма, 2002. – 584 б.
9. Қасқабасов С.А., Аймұхамбет Ж.Ә. Қазақ фольклоры. – Алматы: CyberSmith, 2018. – 288 б.
10. Смағұлов Ж. Ұлттық әдебиеттану әлемі. Монография. – Қарағанды: Болашақ Баспа, 2005. – 317 б.
11. Байтұрсынұлы А. Алты томдық шығармалар жинағы. Т.-5. – Алматы: Ел шежіре, 2013. – 384 б.
12. Сәтбаева Ш.Қ. Бес томдық шығармалар жинағы. Т.-5. – Астана: Елорда, 2013. – 480 б.

References

1. Baitursynuly A. *Alty tomdyq shygarmalar zhinagy* Collection of works in six volumes. T.-4. - Almaty, Yel shezhire, 2013. - 384 b.
2. Nurgali R. *Qazaq adebietinin altyn gasyry. Zertteu Golden age of Kazakh Literature. Research.* - Astana, Kultegin baspasy, 2002. - 528 b.
3. Baitursynov A. *Adebiettanytkysh. Zertteu men olender. Literary critic. Research and poems* - Almaty, Atamura, 2003. - 208 p.
4. Jonathan Roper Thoms and the Unachieved "Folk-Lore of England" // *Folklore* 118 (August 2007), No. 2. – P. 203-216.
5. *Etnografija [Ethnography].* Textbook. Edited by Yu.V. Bromley and G.E. Markov (Vyssh. shkola, Moscow, 1982, 320 p.).
6. *Turk khalq edebiyati [Turkish Folk Literature].* Manual (Grafiker, Ankara, 2004. - 422 p.).
7. Gabdullin M. *Qazaq khalyq auyz adebiyeti.* - Almaty, Rauan Baspasy, 2013. -456 b.
8. Kaskabassov S. *Zhanazyq. Ar zhyldardagy zertteuler [The Funeral. Research in Different Years]* (Audarma, Astana, 2002, 584 p.).
9. Kaskabassov S.A., Aimukhambet Zh.A. *Kazak fol'klory [Kazakh Folklore]* (CyberSmith, Almaty, 2018, 288 p.).
10. Smagulov Zh. *Ulttyq adebiettanu alemi [World of National Literary Studies].* Monograph (Bolashak Baspa, Karagandy, 2005, 317 p.).
11. Baitursynuly A. *Alty tomdyq shygarmalar zhinagy [Collection of works in six volumes].* Vol.5 (Yel shezhire, Almaty, 2013, 384 p.).
12. Satbayeva Sh.K. *Bestomdyq shygarmalar zhinagy [Collection of works in five volumes].* Vol.5 (Yelorda, Astana, 2013, 480 p.).

C.A. Kaskabassov¹, Zh.T. Karipbayev², A.K. Myrzabek²

¹M.O. Auezov Institute of Literature and Art, Almaty, Kazakhstan

²L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

Modern folklore and scientific methods of classification of oral folk art by Akhmet Baitursynuly

Abstract. This article discusses the work of the outstanding Kazakh scientist A. Baitursynuly *Adebiettanytkysh* (literally – *The Cognizer of Literature*), which assesses his scientific attitudes in the classification of oral folk art (literature), from the standpoint of Soviet and modern folklore. In the course of the study, it was found that the formation of A. Baitursynuly's views on oral folk art was influenced by the theoretical positions of his contemporaries. Historical-comparative and hermeneutic methods were used as a research method. In addition, the study identified problems associated with the need to determine its scientific paradigm and revealed its relationship with the religious factor. Appropriate comparisons of individual genres in oral folk art were made, continuity between the periods of Alash, the Soviet and the period of independence was determined. In connection with objective historical and scientific changes in literary criticism and folklore, there have been changes associated with the attribution of certain genres of oral folk art, established by A. Baitursynuly. Based on these considerations, appropriate conclusions and conclusions were made.

Keywords: A. Baitursynuly, oral folk art, Alash period, Soviet period, period of independence, folklore genres, classification of genres, fairy tale, epic fairy tale, M. Gabdullin, S. Kaskabassov.

С.А. Каскабасов¹, Ж.Т. Карипбаев², А.К. Мырзабек²

¹Институт литературы и искусства имени М.О.Ауезова, Алматы, Казахстан

²Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

Современная фольклористика и научные установки классификации устного народного творчества Ахметом Байтұрсынұлы

Аннотация. В данной статье рассматривается труд выдающего казахского ученого А. Байтұрсынұлы «Әдебиеттанитқыш» (буквально - «Познаватель литературы»), где дается оценка его научных установок при классификации устного народного творчества (литературы) с позиции советской и современной фольклористики. В ходе исследования было установлено, что на формирование взглядов А. Байтұрсынұлы, касающихся устного народного творчества, оказали влияние теоретические позиции его современников. В качестве метода исследования использовались историко-сравнительный и герменевтический методы. Кроме того, в ходе исследования были выявлены проблемы, связанные с необходимостью определения его научной парадигмы и выявлена ее связь с религиозным фактором. Были проведены соответствующие сравнения отдельных жанров в устном народном творчестве, определена преемственность между периодами Алаша, советским и периодом независимости. В связи с объективными историческими и научными переменами в литературоведении и фольклористике произошли изменения, связанные с определением тех или иных жанров устного народного творчества, установленных А. Байтұрсынұлы. На основании этих соображений были сделаны соответствующие выводы и заключения.

Ключевые слова: А.Байтұрсынұлы, устное народное творчество, алашский период, советский период, период независимости, фольклорные жанры, классификация жанров, сказка, эпическая сказка, М.Габдуллин, С.Каскабасов.

Авторлар туралы мәлімет:

Қасқабасов С.А. – ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор, М.О.Ауезов атындағы Әдебиет және өнер институты, Алматы, Қазақстан.

Карипбаев Ж.Т. – PhD, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан.

Мырзабек А.К. – докторант, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан.

Kaskabassov S.A. – Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Doctor of Philology, Professor, M.O. Auezov Institute of Literature and Art, Almaty, Kazakhstan.

Karipbaev Zh.T. – PhD, L.N. Gumiliov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.

Myrzabek A.K. – PhD student, L.N. Gumiliov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.